

FTAMP 13.41.91; 23.57 <https://doi.org/10.63051/kos.2025.4.142>

¹Жамашев А.Ш., ²Курманалиева А.Д., ³Елеусызбаева Н.М.
^{1,2,3}әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан
E-mail: ¹azamat_zhamashev@mail.ru, ²Ainura.Kurmanalieva@kaznu.edu.kz,
³yeleussyzbayeva_n@live.kaznu.kz

МАЛАЙЗИЯ–ҚАЗАҚСТАН ҒЫЛЫМИ САБАҚТАСТЫҒЫ: КУАЛА-ЛУМПУР КІТАПХАНАЛАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ДАЛАСЫ ҒАЛЫМДАРЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа. Мақалада Малайзияның Куала-Лумпур қаласындағы қолжазба қорларын қамтитын кітапханаларға шолу жасап, Қазақстанмен тарихи-ғылыми байланысын көрсету үшін қазақ даласы ғалымдарының сақталған еңбектеріне мазмұндық, салыстырмалы талдау жасау және әр ғалымның ғылым мен мәдениетке қосқан үлесіне баға беру мақсаты қойылды. Бұл Оңтүстік-Шығыс Азиядағы мәдени мұраларымыздың ғылыми айналымға енуіне себеп болады, сонымен қатар, малай мен қазақ халықтарының ғылым-білім сабақтастығын көрсету міндетін іске асырады. Осылайша, зерттеу жаңалығы – Қазақстан шығыстануындағы Малайзияның орны Оңтүстік-Шығыс Азия (SEA) елдері бойынша салыстырмалы зерттеулерде исламдық даму үлгісі ретінде ғана емес, ғылыми мұраны сақтаушы ретінде қарастыруға күш салынды. Бұл мақсатқа жету үшін қолжазбалармен жұмыс жасауда кезең-кезеңімен: қолжазбаларды жинақтау, каталогтағы қолжазбалар тізімін шығару, қолжазбаның толық сипаттамасын беру, қолжазбаларды салыстыру, қолжазбаны тексеріп оқу, мәтінге анализ жасау әдістері қолданылды. Қолжазбалармен қатар, басылып шыққан кітаптар мен зерттеулер де қамтылды. Мақалада мәдениет пен ғылымның дамуына еңбек сіңірген қазақ даласы ғалымдарына мән беріп, олардың еңбектері сақталған Халықаралық ислам ойы мен өркениеті институты (ISTAC) – Малайзия халықаралық ислам университеті (IUM), Малайзия ұлттық кітапханасы (NLM), Малайя университеті (UM) кітапханаларының коллекциялары қарастырылды. Нәтижесінде қазақ даласы ғалымдарынан Фарабилер, Кәрдари, Зәрнужи еңбектерінің кітапханадағы орны аталған соң шығармалардың ерекшеліктері мен маңызына жекелей сипаттама берілді, бұл қазақ даласы ғылыми мұрасының Оңтүстік-Шығыс Азияның ғылыми айналымында алатын орнын көрсету міндетін іске асыру үшін жасалды.

Алғыс: Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитетінің 2024-2026 жылдарға арналған «Жас ғалым» жобасы аясында қаржыландырылды. (Грант AP22686474 «Қазақ даласы ойшылдарының әлем мұрағаттарындағы арабтілді дереккөздер антологиясы»)

Кілт сөздер: Малайзия кітапханалары, қазақ жерінің ғалымдары, қолжазба, Фараби, Кәрдари, Зәрнужи, Оңтүстік-Шығыс Азия.

Кіріспе

Қазақ жері – ғасырлар бойы әлемдік өркениетке өзіндік үлесін қосқан көптеген ойшылдар мен ғұламалардың туған топырағы. Ұлттың тарихи-мәдени дамуын зерделеуде олардың еңбектерін қайта қарастырудың маңызы зор. Әлем мұрағаттарында, шығыс пен батыстың ғылыми орталықтарында сақталған қолжазбалар мен жазба деректер халқымыздың ғылым, әдебиет, мәдениет, дін және руханияттағы терең тамырлы дәстүрін айқындайды. Солардың қатарында Малайзия мұрағат қорлары мен кітапханаларында сақталған еңбектер

ерекше мәнге ие. Бұл қолжазбалар қазақ өркениетінің кең ауқымдағы ықпалын көрсетіп қана қоймай, ислам әлеміндегі рухани сабақтастықты да айқындайды.

Фараб, Кердері, Зернұқ сынды ортағасырлық қалалардан шыққан ғұламалардың еңбектері Малайзия қорларында сақталғаны белгілі болуы – қазақ даласының ғылым мен мәдениет тарихындағы орнын жаңа қырынан ашуға мүмкіндік береді. Ғасырлар бойы зерттелмей келген бұл мұраларды ғылыми айналымға енгізу ұлттық тарих пен руханиятты жаңаша бағамдаудың маңызды қадамы.

Қазақ елінің тәуелсіздікке қол жеткізуі ұлттық тарих пен рухани мұраны қайт сараптауға кең жол ашты. Соның нәтижесінде әлем өркениетінде өзіндік үлесін қосқан қазақ топырағынан шыққан ойшылдар мен ғұламалардың еңбектерін жан-жақты зерттеу ісі жаңа серпін алды. Әсіресе, шетел мұрағаттары мен кітапханаларында сақталған қолжазбалар мен сирек деректерді ғылыми айналымға енгізу арқылы халқымыздың бай тарихи-мәдени мұрасын жаңа қырынан тануға мүмкіндік туды.

Осы тұрғыдан алғанда, Малайзия мұрағаттары мен кітапханаларында сақталып отырған қазақ ғұламаларының қолжазбалары айрықша құнды еңбектер қатарына жатады. Бұл мұралар тек ғылыми тұрғыда емес, сонымен бірге мәдениет пен өркениет сабақтастығын айқындауда маңызды орын алады. Аталған қолжазбаларды зерттеу арқылы қазақ даласының ғылым мен руханиятқа қосқан үлесі тағы да айқындалып, ұлттық мұраның жаһандық маңызы арта түседі. Ғылыми мақаланың мақсаты. Малайзия мұрағат қорлары мен кітапханаларында сақтаулы қазақ жерінен шыққан ғұламалардың еңбектеріне тоқталып, шығармалардың мән-маңызын ашықтау. Зерттеу нысаны – қазақ жерінен шыққан ғалымдардың Малайзия мұрағат қорлары мен кітапханаларында сақтаулы еңбектерінің қолжазбалары. Зерттеуіміздің жаңалығы – Оңтүстік-Шығыс Азия қолжазба қорларының спецификасына шолу, шығыстық дерекнама бағытында Малайзия үлгісін қарастыру, ал Қазақстанмен байланысы Малайзияда сақталған шығармаларға топтай отырып анализ жасалады және аталмыш шығармалардың мәдениет пен өркениеттің дамуына қосатын үлесіне баға беріледі.

Зерттеу әдістері мен материалдары

Мақаланы жазу кезінде биографиялық, библиографиялық дереккөздер, ғылыми мұраларға қатысты жаңа зерттеулер қарастырылды, қолжазба дереккөзі ретінде Малайзия қолжазба кітапханаларының қоры негізге алынды. Каталог деректеріне кітапхананың өзінен және онлайн қол жеткіздік.

Мақаланы жазу барысында қолданылған әдіс-тәсілдерді екіге бөліп қарастырамыз: мәліметтерді жинақтау әдістері және мәліметтерге анализ жасау әдістері. Мәліметтерді жинақтау әдістері: Мақала материалдарына қол жеткізу үшін құжаттар, яғни, бұл жағдайда қолжазбалар жинақталды. Қолжазбалармен жұмыстың сатысы көрінісі: қолжазбаларды жинақтау, каталогтағы қолжазбалар тізімін шығару, қолжазбаның толық сипаттамасын алу, қолжазбаларды салыстыру, қолжазбаны тексеріп оқу, мәтінге анализ жасау.

Мәліметтерге анализ жасау үшін тарихи-компаративистік тәсіл, жіктеу мен классификациялық бөлініс, дедуктив, индуктив анализ әдістері қолданылды. Қолжазбалармен жұмыстың әр кезеңін толығырақ сипаттау үшін Мэйс К. ұсынған методологияны зерттеу мақсатына сай мына түрде ұсына аламыз (Масе, 2015): біріншіден, қазақ жерінен шыққан ғалымдар шығармаларының қолжазбаларын Малайзия кітапханаларынан іздеп, барын жинақтадық; каталогтан табылған қолжазбалардың библиографиялық сипаттамасын бір тізімге салдық; каталогтағы сипаттамамен шектелмей, қолжазба нұсқаларының өзімен танысып, сыртқы сипаттамасын қамтыдық (парағы, жазу ерекшелігі, көшірген адамның әдіснамасы, т.б.); бір шығарманың табылған бірнеше қолжазба нұсқаларын өзара салыстыра қарадық; сыртқы сипаттамаларды бергеннен кейін шығарманың тақырыбы мен авторын нақтылау және жазылу мақсатын анықтау үшін қолжазбаларды оқыдық; зерттеу мін-

деттерімізге сай қолжазба мәтініне анализ жасадық. Қолжазбаларды оқу барысында каталогта берілген мәліметтер мен жазбадағы мәліметтердің сәйкестігіне мән бердік, мәліметтерді сараптап, мақалада нәтижесін бердік.

Талқылау

Бұдан алдын жасалған зерттеулердің ішінде зерттеу объектісі ұқсас аналог мақала ретінде Демирбилек М. мақаласын айтуға болады (Demirbilek, 2022). Ол Өзбекстанның қолжазба кітапханалары мен кітапхана қорындағы кейбір шығармаларға анализ жасайды, ал біз Малайзияның Куала-Лумпур қаласындағы кітапханаларды зерттеу нысаны етіп алдық; ал мақсаты ұқсас Хаван А. және т.б. авторлардың әл-Фараби мұраларының Түркия кітапханаларында сақталуына қатысты философиялық зерттеуін келтіре аламыз (Хаван, Байтенова, Құрманалиева, Байжума, 2023). Онда басты тұлға – Әбу Наср Мұхаммед әл-Фарабидің мұрасы нысан ретінде алынғандықтан, фарабитану саласына маңызы зерттеу саналады. Ал бұл зерттеуіміз бұдан алдын жасалмаған параллель, Тұран даласы мен Малай әлемінің ғылыми сабақтастығына негізделеді. Малайзияны зерттеу Қазақстанда жеке бағыт ретінде терең дамымағанымен, Оңтүстік-Шығыс Азия (SEA) елдері бойынша салыстырмалы зерттеулерде Малайзия исламдық даму үлгісі ретінде аталады. Отандық зерттеушілердің Малайзияға қатысты жасаған зерттеулері екі мемлекеттің дінге қатынасы бойынша салыстырмалы талдауды қамтиды: этникалық және конфессиялық құрылым, мемлекеттік басқару, діни білім беру, діни бірлестіктердің қызметі, дінаралық диалог туралы, мысал ретінде Алдиярова Ж. және басқалары жариялаған мақаланы келтіруге болады (Aldiyarova, Tutinova, Seifullina, Zaton, Bagasharov, Mussabekov, 2023).

Қазақстандағы Малайзияны зерттеудің негізгі орталықтары ретінде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Шығыстану факультетін келтіруге болады, онда Оңтүстік-Шығыс Азия елдері бойынша курстар бар, соның ішінде Малайзия мысалы қарастырылады. Сонымен қатар, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Халықаралық қатынастар және шығыстану кафедраларында Малайзия сыртқы саясат және исламдық модель тұрғысынан оқытылады. Көбіне зерттеу бағыты Малайзиядағы исламдық білім беру, саяси жүйе және мәдениетаралық үйлесім мәселелеріне тоғысады.

Зерттеу нәтижелері

Негізгі қолжазба қорлары Куала-Лумпур қаласында жинақталған. Мақаламызда қолжазбалар сақталған ірі үш кітапхананы қарастырамыз. Олар ISTAC–IUM кітапханалары, Малайзия ұлттық кітапханасы (NLM), Малайя университетінің (UM) кітапханасы.

Халықаралық ислам ойы мен өркениеті институты (ISTAC) – Малайзия халықаралық ислам университеті (IUM) кітапханасының қолжазба қоры

Қысқаша тарихы. 1983 жылы Малайзия халықаралық ислам университеті (IUM) құрылды, 1987 жылы ISTAC құрылуын мақұлдау туралы шешім қабылданды. Оның мақсаты ғылымның барлық саласында исламның басымдығын қалпына келтіру болды. 2002 жылы 16 тамыз ISTAC университеттегі автономиялық мәртебесінен айырылып, IUM-нің бір факультеті етіп біріктірілді. 2017 жылы институт атауы International Institute of Islamic Civilisation and Malay World деп өзгертіліп, оның ғылыми ауқымы кеңейді (Zakariya, Suryadi, 2017: 224). Бірақ 2019 жылы институттың бұрынғы атауы қайта берілді (About ISTAC–IUM, 2025). Бұл күні ISTAC – IUM құрамындағы магистратура, докторантураға арналған институт, онда ислам ойы мен өркениеті бойынша зерттеулер жүргізіледі.

Қолжазба қоры. Халықаралық ислам ойы мен өркениеті институты (ISTAC), Малайзия халықаралық ислам университеті (IUM), институттағы Сәйид Мұхаммед Накиб әл-Атас кітапханасы 2012 жылы бірізді онлайн дерекқорын жасап бастаған. Дерекқорда 2017 жылы 8216 қолжазба нұсқасы тіркелген. Сәйид Мұхаммед Накиб әл-Атас кітапханасында

қолжазбалардың барлығы 20000 томды қамтиды. Қазіргі кезде қолжазбалар университеттің Дәр әл-Хикма (Даналық үйі) кітапханасында жинақталған. Қолжазбаларды жинақтаған электронды порталы: <http://manuscript.iium.edu.my/cgi/search/advanced> (IUM Digital Manuscripts, 2025).

Кітапханада араб, парсы, малай, урду және басқа тілдердегі қолжазбалар жинақтары сақталған. Негізгі жинақтар Шығыс және Африка зерттеулері мектебінің (SOAS), Британ кітапханасының, Яһуда, Мингана, Хельмут Риттер, Мәктаба әл-Макка әл-Мукаррама, Дауди және Ғази Хузрей-Бей қорларынан алынған ислам мен малай қолжазбаларынан тұрады.


Электронды портал арқылы қолжазбаның алғашқы 10 бетіне немесе кейбір таныстыратын беттеріне қол жеткізе алады. Ал толық қолжазба мәтінін Сайд Мұхаммед Накиб әл-Аттас кітапханасы немесе университет кітапханасындағы компьютерлер арқылы көруге болады.

Қазақстанмен байланысы. Кітапхананың қолжазбалар қорында қазақ даласынан шыққан ғалымдар шығармаларының жалпы 24 қолжазба нұсқалары сақталған. Ғалымдардың ішінде 4 Фараб, 1 Кердері және 1 Зернұқ ғалымы аталады. Келесі кезекте қолжазба нұсқалары көп шығармалардан бастап сыртқы сипаттамасы мен анализі жасалады.


Ең көп нұсқасы сақталған *Исмаил ибн Хаммад әл-Жауһари әл-Фарабидің атақты «әс-Сыхах фи әл-луға» еңбегінің 11 нұсқасы*, *«Мухтар әс-сыхах» 1 нұсқасы* саналады. Исмаил Фараб қаласынан шыққан, каталогта Жауһари ныспысы берілген. Қолжазбалар негізгі екі коллекцияда сақталған: Британ кітапханасы (Микрофиш)/British Library (Microfiche) коллекциясында 1329; еңбектің үшінші томы Поукок (Микрофильм)/Pococke (Microfilm) коллекциясында 308, 334, 340, 365, 367, 380, 384, 386, 397, 398 нөмірлі жинақтарда сақтаулы.

«әс-Сыхах фи әл-луға» қолжазба нұсқасының (Pococke, 380) жазу стилі – насх, сөздіктегі сөздер бірден көзге түсуі үшін көлемі үлкен етіп жазылған, әрі айтылған сөздің түсіндірмесін толық қамту үшін сол сөз қамтылған тіркес, өлеңсөздер алдындағы «وقال» ((Пәлен) деп айтты) деген сөз де үлкен қаріппен жазылған. Исмаил әл-Жауһаридің «әс-Сыхах Тәж әл-луға уә сыхах әл-арабия» еңбегінің негізінде араб тілі лексикографиясында жаңа бір мектеп қалыптасты. әл-Жауһари өзінен алдыңғы сөздіктерде қолданған күрделі тәртіптеу мен жүйелеуден бас тартып, сөздікті құрастыруда жаңа әдіс-тәсіл қолданып, жаңа мектеп қалыптастырды. Жауһари жүйесінде сөздер түбір сөздің соңғы әрпі негізіндегі ретке салынған. Оның мысалы, 1-суретте «م» (мим) тарауынан, «ض» (дад) бөліміндегі сөздер берілген: ضم، صم، صم، صم، صم، صم، صم، صم، صم، صم. Осылайша Исмаил әл-Жауһари өзінен алдыңғы сөздіктерде қолданған күрделі тәртіптеу мен жүйелеуден бас тартып, сөздікті құрастыруда жаңа әдіс-тәсіл қолданып, жаңа мектеп қалыптастырды.

«Мухтар әс-сыхах» еңбегінің Поукок (Микрофильм) коллекциясында сақталған нұсқасы дизайны көркем, жазу стилі – настағлиқ. Мәтін кемері де алтын түсті сызықпен қоршалған, жазу қара сиямен жазылған, дегенмен жаңа ойды, тақырыпты бастайтын сөз қызыл түсті болып келеді. Бірінші парақтағы бәсмала сөзі де алтын түсті бояудың ортасында, жоғарғы бос жері әдемі өрнектермен безендірілген. Қарастырылған қолжазбалар ішінде каллиграфия әрі безендіру тұрғысынан ең көркем қолжазба ретінде аталуға тұрарлық.



1-сурет– Исмаил әл-Жауһаридің Поукок (Микрофильм) коллекциясында сақталған «әс-Сыхах фи әл-луға» қолжазбасының бірінші парағы (Рососке, 380)




2-сурет– Исмаил әл-Жауһаридің Поукок (Микрофильм) коллекциясында сақталған «Мухтар әс-Сыхах» қолжазбасының бірінші парағы

Хафизуддин Мұхаммед ибн Мұхаммед әл-Кәрдаридың «әл-Уәжиз фи әл-фәтауа» («Фәтауа Бәззазия») 5 қолжазба нұсқасы екі коллекцияда: Британ кітапханасы (Микрофиш) /British Library (Microfiche) коллекциясында 1600, 1500, 1486 нөмірінде және Шығыс және Африка зерттеулері мектебі (Микрофиш)/School of Oriental and African Studies (SOAS) (Microfiche) коллекциясында сақталған. Қолжазба нұсқаларының жазу стилі – насх. Қолжазбаның (British Library, 1486) мазмұны бетінде басты тараулар: Дәрет кітабы, Намаз кітабы, Зекет кітабы, Ораза кітабы, Қажылық кітабы, Неке кітабы, т.с.с. үсті сызықпен сызылған, әр тақырыптың қай бетте екені астына нөмірленген. Мазмұнында тараулар мен тақырыптар күніміздегідей асты-астына қойылмаған, бір мәтін секілді жалғасымды жазылған.

Автордың «әл-Фәтауа әл-Бәззазия» еңбегіндегі діни үкімдер Әбу Ханифа ғұламаларын қайталауымен емес, өзіндік тұрғыда фикһ мәселелерін талдай алуымен аса маңызды. Ол фикһ тармақтарына догматикалық тұрғыдан емес, әділдік принципі тұрғысынан, сондай-ақ рационалистік пайым тұрғысынан талдау жасайды. Қарапайым мәселе – дәрет алудың шарттары, сондай-ақ, намаз оқу барысындағы қамат, отырғанда сұқ саусақты көтеру, әр халықтың сингармонизм ерекшелігін ескеріп, тәжуидте ережеден тыс қағидалардың болатындығы, қаза намазды өтеу мен жұма намаздың кейбір мәселелері, ораза тұтудағы


кейбір үкімдер, үшір мен зекет бабының кейбір мәселелері, мемлекет қазынасының түсімдері, қажылық құлшылығын атқару нормаларында Құран мен хадисті және ғұламалардың ижтиһадтарын салыстыра отырып, қисынды дербес шешім айтады. Әлеуметтік және табиғи ерекшеліктерді молынан ескереді. Бұл ғалым Бәззазидің фикһ іліміндегі басты ерекшелігі һәм оның ғұламалығын әйгілейтін негізгі фактор дей аламыз (Абдунайм, Дүйсенбаева, Исахан, 2022: 88).



4-сурет – Хафизуддин әл-Кәрдаридың «әл-Уәжиз фи әл-фәтауа» қолжазбасының мазмұны берілген парағы (British Library, 1486)

Исмаил ибн әл-Хусейн әл-Фарабидің «Шарху фусус әл-хикәм» шығармасының 2 қолжазба нұсқасы Британ кітапханасы (Микрофиш)/British Library (Microfiche) коллекциясында 1587, 1800 нөмірлі жинақтарда сақтаулы. Қолжазба (British Library, 1800) жазуы ұсақ, тығыз орналасқан, жазу стилі – настағлиқ. Бұл шығарма Әбу Насыр әл-Фарабидің «Фусус әл-хикәм» («Кемеңгерлік меруерті») атты еңбегіне түсіндірме болғандықтан, оңай ажырату үшін негізгі мәтін үсті сызықпен сызылған. Парақ шетінде қосымша сөздер кездеседі.

Бұл еңбектің Малайзиядағы кітапханадан бөлек, Түркиядағы мұрағаттар мен кітапханаларда кездесетін нұсқалары да бар. Сол нұсқалардың бірінде 1291 жыл деген мерзім көрсетілсе, тағы бірінде 1013 жыл деген мерзім көрсетілген. Осман тарихшысы Хажж Халифа «Кәшф әз-зунун ан асами әл-кутуб уә әл-фунун» еңбегінде Әмір Исмаил әл-Хусейни әл-Фарабиді атай отырып, оның Әбу Насыр әл-Фарабидің «Фусус әл-хикәм» атты шығармасына түсіндірме жасаған деп көрсеткен. Оны 494/1100 жылы қайтыс болды деп жазады. Түркия Көпрүлү кітапханасындағы қолжазбаларға сипаттама жасаған түрік оқымыстылары доктор Рамазан шешен мен Жауад Ізгі Жамил Ақпинар Әбу Насыр әл-Фарабидің «Фусус әл-хикәм» атты фәлсафалық шығармасына түсіндірме жасаған Исмаил әл-Хусейни әл-Фараби атты ғалымның атын атаған да, оны 1489 жылы дүниелен өткен деп көрсеткен (Дербісәлі, 2020: 216). Исмаил әл-Хусейнидің өмірі мен шығармашылығы арнайы мақала мен диссертацияны қажет етеді. Себебі, Фараб қаласынан шыққан ғұламаларынан арасында аталғанымен, оның ғұмыры мен еңбектеріне қатысты егжей-тегжейлі мәліметтер жетпеген.



5-сурет– Исмаил ибн әл-Хусейн әл-Фарабидің «Шарху фусус әл-хикәм» қолжазбасының бірінші парағы (British Library, 1800)


Исхақ ибн Ибраһим әл-Фараби «Диуан әл-әдәб» шығармасының 2 қолжазба нұсқасы Шығыс және Африка зерттеулері мектебі (Микрофиш)/School of Oriental and African Studies (SOAS) (Microfiche) коллекциясында 1224 нөмірлі жинақта сақтаулы. Нөмірі берілмеген нұсқаның мазмұны көрсетілген парақта тараулар кестеге салынған, жазу астында кішкентай болып бет саны берілген. Аталған еңбектің құрылымы, әдіснамасы және ғылыми маңызы жайлы төменде ашып айтамыз.

Исхақ әл-Фарабидің сөздігі «Кіріспемен» басталған. Кіріспеде сол кездегі басқа да авторлар секілді әуелі Жаратушы мен оның елшісі Мұхаммедке мадақ арнайды. Содан кейін «Диуан әл-әдәб» еңбегін жазудағы мақстына тоқтала келе: «Алла Тағаланың мейіріміне бөленген бұрынғы ғұламалар осы тілдік сөздер жинауда бір-бірінен асып түспек болып көп кітап жазды. Олар көлемі шағын, орта, орташа болып келетін кітаптарына тірнектеп тергеннің бәрін кіргізді. Дей тұрғанмен тауыса алған жоқ. Кейбіреулер өз міндетін мінсіз атқарып, көп пайда келтірсе, ал кейбіреулері парасатты пайымдаулармен биік шыңға көтерілді. Үшінші топ өкілдері өз ісін олақ атқарғандықтан, осындай кітап авторлары қатарында ғана аталады... «Мені құдіреті күшті Раббымның арқасында Тәңірім көсегесін көгерткір Әбу әл-Хасан Ахмад ибн Мансур шайх пен оның Алла өмірін ұзақ еткір балаларына және әмбе мұсылмандарға арнап осы кітапты жаздым. Жазу үстінде өз ісіне мейірленіп, іңкәр болған кісінің күйін кештім. Маған дейін ешкім де мұндай түзген емес. Жүйе-жүйеге бөліп реттеу тәсілін де тұңғыш рет өзім таптым. Оған танымал тіл ғұламаларының еңбектерінде айтылатын өнегелі және осы тілде қолданып жүрген сөздің бәрін де кіргіздім», - дейді (Дербісәлі, 2020: 178).

Исхақ әл-Фараби сөздігі араб тілінің 24000 сөзін қамтыды. «Диуан әл-әдәб» шығармасы Аббас халифатында мәшһүр және кеңінен таралған кітап ретінде белгілі болды. Аталмыш шығарманы Әбу Наср Мұхаммед ибн Ахмад әл-Бақиллани, бағдадтық филолог Әбу әс-Сари Мұхаммед ибн Ибраһим әл-Исфahanи және Әбу Сағид әс-Сирафи секілді танымал ғалымдар көшіріп жазды. Халидов «Диуан әл-әдәб» еңбегі жайлы: «Араб тіліне қызығушылар арасында көп қайта-қайта оқылды, зерттеу жүргізілді, басқа да кітаптарды жазуда қолданылды, көшіріліп оның саны көбейтілді», - деп пікір білдірді. Бұл еңбек Орта Азия, Иран және Ирак аймағына белгілі болды, XI ғасырдың басында шығарма Сирия мен Йемен оазистеріне дейін жетті. Әбу әл-Ала әл-Мағарри атты көзі зағип ақын шығарманы толық жаттап алған және йемендіктер еңбекке шынайы ықыласты болған. «Диуан әл-әдәб» шығармасы XII ғасырдың екінші жартысында да араб лексикографиясына әсер етті. Нашуан ибн Сағид әл-Химяри «Шамс әл-улум уә дауа кәләм әл-араб мин әл-кулум» атты көп томдық

кітабының құрылымдық принциптері Исхақ әл-Фарабидің еңбегі негізінде жасалынған (Абу Ахмад Диас Таир, 2006: 10). Дегенмен екі сөздік арасында белгілі бір айырмашылықтар бар.

«Диуан әл-әдәб» шығармасы түрік және парсы лексикографиясының пайда болуына да әсер етті. «Диуан әл-әдәб» сөздігін жасау барысында қолданған әдіс-тәсілдерді Махмұд Қашғари «Диуан луғат әт-түрік» еңбегінде қолданды. XI ғасырда Хусейін ибн Ахмад әз-Заузани алғашқы «Китаб әл-Масадир» атты «Диуан әл-әдәб» лексикаларының орналасу ретін дәлме-дәл сақтай отырып, араб-парсы сөздігін жасап шықты (Абу Ахмад Диас Таир, 2006: 10).



6-сурет – Исхақ ибн Ибраһим әл-Фарабидің Шығыс және Африка зерттеулері мектебі (Микрофиш) коллекциясында сақталған «Диуан әл-әдәб» қолжазбасының мазмұны берілген парағы

Әбу әл-Қасым Махмұд ибн Ахмад әл-Фарабидің «Халисат әл-хақаиқ» шығармасының 2 қолжазба нұсқасы Британ кітапханасы (Микрофиш)/British Library (Microfiche) коллекциясында сақталған. Соның біріне назар аударсақ, жазу стилі насх, кіріспеден соң бетін жазбастан, жалғасымды мәтін ішінде тараулардың аттары берілген, әр тарау «баб» үсті кішкене сызықпен сызылған. Парақтың үстіңгі жағында әдемі күмбез формасында өрнек бар.

Әбу әл-Қасым, «Халисат әл-хақаиқтың» бірінші тарауын ақыл мен ақылдыларға арнады, ал екіншісінде білім мен хикметті сабақтастырып қарастырды. Ол, ақыл қабілетін арттыру арқылы, кәміл ақылмен қалыптасқан ахлақ, адамды қандай болса да жамандыққа апармай, шариғаттың бұйрықтарын орындауға жетелейтінін, нәпсінің қалауларынан тыятындығын түсіндіреді. Бұл жайлы «Халисат әл-хақаиқта»: «әл-Хаким әс-Самарқанди былай дейді: «Көз үшін көз жанары қандай болса, ақыл да жүрек нұры һәм парасаты. Ақыл – шариғат пен адам табиғатының тыйым салғандарынан нәпсіні тыяды» делінген.

Әбу әл-Қасым ақыл тақырыбынан кейін білім мен хикмет жайлы сөз етеді. «Халисат әл-хақаиқта»: «Білім арқылы істің бастамасы білінсе, хикмет арқылы істің нәтижесі білінеді», – дейді. Яғни, әрбір нәрсенің асылын, ақиқатын үйрену үшін қол жеткізген ілімді – хикмет дейді. Хикмет иесінде кезкелген жәйдің астарын, мән-мағынасын ұғыну, түйсіну, түсіну қабілеті бар. Қасиетті Құранда: «Хикмет берілген жанға расында көптеген қайыр берілген», – десе, ал хадисте: «Хикмет мүміннің жоғалтқаны, оны қайдан тапса содан алады», – деген. Олай болса білімді арттырудың нәтижесі хикмет болмақ. Сондықтан Әбу әл-Қасым ақылдан кейін білімнің маңыздылығын сөз етумен қатар, білімнің жетістігі ретінде хикметті танытады. Ал, білім мен хикмет Әбул Қасымда адамды кемел ахлаққа жетелеуші бастаулар деп түсіндіреді. Білім мен хикметтің моральдық кемелдікке әсері турасында мынадай мысалдар береді: «Ғалым деп мынадай сипаттары бойында табылғанға айтылады:


жұмсақтық, ұят, діни жоралғыларды білетін, зерек, күнәдан таза, намысты, жақсылық жасауға құмар, жамандықты жек көретін, насихатшыл, салмақты, шыншыл, кішіпейіл», «Хикмет адамды жамандықтан қорғайды» және т.б. Әбу әл-Қасым еңбегінің үшінші тарауында «иман» мәселесін қарастырады. Бұл тарауда ықылас, иман, мүмін, ислам, таухид тақырыптары жайлы сөз болған. Мысалы ықыластың мағынасын «Бір Алладан басқа құдай жоқ» деп иманмен байланыстырса, иман мен мүмін деп айту арқылы иманның ахлақпен байланысын яғни мүміннің сипатын түсіндіруді мақсат етеді (Анарбаев, 2016: 61).

Әбу әл-Қасым еңбегі 50 жуық тараудан тұратын өте көлемді шығармалардың қатарына жатады. Еңбек адам баласына қажетті ахлақтық құндылықтарды түсіндіруге күш салған. Әр тарауда қозғалатын тақырыптың терминологиясын берсе, содан соң тақырыпқа қатысты хадистер мен әсәрлерді келтірсе, соңында пайғамбарлар, ғұламалар мен даналардың ғибратты оқиғалары мен өнегелі хикаяларын келтіре отырып, кітап оқырманын қызықтыра білген.



7-сурет– Махмуд ибн Ахмад әл-Фарабидің Британ кітапханасы (Микрофиш) коллекциясындағы «Халисат әл-хақайқ» қолжазбасының бірінші парағы

Бурхануддин аз-Зарнужидің «Тағлим әл-мутағаллим» шығармасының I қолжазба нұсқасы Британ кітапханасы (Микрофиш)/British Library (Microfiche) коллекциясында сақталған. Қолжазба шетінде қосымшалар бар. Ғұлама еңбегінің жазылу себебін былай түсіндіреді: «Заманымдағы көптеген шәкірттер білім алу жолына түсіп, бірақ білімге қол жеткізе алмай, білімнің пайдалары мен жемістерінен мақұрым қалуда. Себебі, олар білім жолында қателіктерге ұрынып, шарттарын орындамай жүр. Кімде-кім жолда қателессе, көздеген мақсатын жете алмай адасты. Сондықтан сол шәкірттерге кітаптардан оқыған, білімді әрі дана ұстаздарымнан естіген білім алу тәсілін баяндауда жөн көрдім», дейді. Бұл шығарма білім алу мен берудің әдіснамасын қамтиды.



8-сурет– Бурхануддин эз-Зэрнужидің Британ кітапханасы (Микрофиш) коллекциясындағы «Тағлим әл-мутағаллим» қолжазбасының бірінші парағы

Жалпы алғанда Халықаралық ислам ойы мен өркениеті институты (ISTAC) – Малайзия халықаралық ислам университеті (IUM) кітапханасының қолжазба қорында қазақ жерінен шыққан 6 ғалым шығармаларының қолжазба нұсқалары кездесті. Қолжазбалар Британ кітапханасы, Шығыс және Африка зерттеулері мектебі, Поукок коллекцияларында сақталған. Малайзия кітапханаларына қайнар болған бұл кітапханаларға шолу жасасақ, біріншіден, Британ кітапханасы дегеніміз – Ұлыбританияда орналасқан әлемдегі ең қоры мол кітапхана, 170 млн-нан астам бірлікті қамтиды (British Library, 2025). Шығыс және Африка зерттеулері мектебі (SOAS) – Лондон университетінің бөлімі, Азия мен Африка елдерін зерттеуге мамандандырылған әлемдік жетекші институттардың бірі (School of Oriental and African Studies, 2025). Поукок коллекциясы – XVII ғ. ағылшын саяхатшысы, жазушысы Ричард Поукок атымен аталған коллекция Оксфорд университеті Бодлиан кітапханасының құрамына кіреді. 1692 жылы Бодлиан кітапханасы Эдуард Поукоктың жинағынан араб, армян, иврит және парсы тілдеріндегі қолжазбаларды сатып алған (Digital Bodleian, 2025). Аталған коллекциялардың үшеуі де Ұлыбритания кітапханаларынан алынған, бұл Малайзиядағы әлемдік қолжазба қорының бір үлкен қайнаркөзі Ұлыбритания екенін көрсетеді әрі Ұлыбритания кітапханаларын зерттеуде жеңілдік береді. Қолжазбалардағы жазу стилі насх пен настағлиқ болды. Әр қолжазбаның каллиграфия, безендіру, әдіснама тұрғысынан өзіндік ерекшеліктері бар. Сондықтан бұл қолжазбаларды толық қарастырып, жергілікті және әлемнің басқа қорларындағы нұсқалармен салыстыру Малайзия қолжазба қорларының ерекшелігін шығаруда, қазақ шығыстануындағы Малайзияның дерекнама тұрғысынан алатын орнын айқындауға септігін тигізеді.

Малайзия ұлттық кітапханасы (NLM – National Library of Malaysia)

Қысқаша тарихы. 1972 жылы ресми түрде Малайзия ұлттық кітапханасы ретінде ашылды. Басты мақсаты – ұлттық мәдени мұраны жинақтау, сақтау және көпшілікке қолжетімді ету, ұлттық библиография мен Malaysiana материалдарын орталықтандыру.

Коллекциялары:

Кітаптар коллекциясы, Мерзімді басылымдар, Конференция баяндамалары, Газет, Карта, Электронды медиа коллекциясы, Малай қолжазбалары, Виртуалды көрме, МҰК цифрландырылған коллекциясы, Уакана Малай манускрипт жобасы;

Арнайы коллекциялар ішінде белгілі ұйымдар атынан ашылғандары бар: Жеке коллекция, Сирек коллекция, Эфемерал коллекция, Шектеулі коллекция, Гарвард коллекциясы, БҰҰ коллекциясы, Қазақстан коллекциясы және Мұрағат коллекциясы.

Қолжазба қоры. 1983 жылы Үкімет кітапхананы Малай қолжазбаларының ұлттық орталығы деп жариялады. 1985 жылы арнайы Centre for Malay Manuscripts деп құрылды (Zainol, 2016: 3). Қолжазбалар Малайзияның шығыс жағалауындағы (Келантан, Теренггану)

жеке коллекция иелерінен сатып алу, Еуропа мен Азиядағы мұрағаттардан қолжазбалардың микрофильмдерін алу (Нидерланд, АҚШ Конгресс кітапханасы, Сингапур, Бруней, Индонезия, Ресей т.б.) арқылы жинақталды. 1458 қолжазба онлайн форматта қолжетімді (Zainol, 2016: 5). Құрамында миллиондаған кітаптар мен цифрлық ресурстар, сирек жинақтар және дүниежүзіндегі ең бай малай қолжазба қоры бар. Қолжазбаларды сақтау мен цифрландыруда Оңтүстік-Шығыс Азиядағы жетекші институт саналады.

Қазақстанға қатысы. «Қазақстан бұрышы» 2012 жылдың қараша айында ашылды. Малайзияның Ұлттық кітапханасы кітаптар, ықшам дискілер, күнтізбелер, плакаттар мен ашық хаттардан тұратын барлығы 287 дана материал алды. «Қазақстан бұрышы» Малайзияның Ұлттық кітапханасының Орталық ғимаратындағы Анджунг Бестари бөлімінің 3-қабатында орналасқан. Оның орналасу коды – «KAZ» (Kazakhstan's Corner, 2025). Дегенмен, бұл бұрышта қазақ даласы ғалымдары шығармаларының қолжазбасы жоқ.

Жалпы Малайзия ұлттық кітапханасында қазақ топырағы тумаларының шығармаларының қолжазба нұсқалары табылмаса да, басылып шыққан кітаптар кездесті. Әбу Насыр әл-Фарабидің «Мәбади ара-и әһл әл-мәдина әл-фадила», «Китаб әл-уәхид уә әл-уаһда», «Китаб әл-хуруф», «Китаб әл-әлфаз фи әл-мантық», «әс-Сияса әл-мәдания әл-мулаққаб би мәбади әл-мәужудат»; Исмаил ибн Хаммад әл-Жауһаридің «әс-Сыхах таж әл-луға» араб тілі сөздігінің 1974-2010 жылдары баспадан шыққан 11 нұсқасы; Бурхануддин әз-Зәрнужидің «Тағлим әл-мутағаллим фи тарик әт-тағаллум» еңбегі, аудармасы мен түсіндірмесінің 23 кітап нұсқасы ұшырасты. Сонымен қатар, Зәрнужи еңбегінің педагогикада алатын орнына қатысты жергілікті зерттеушілердің жазған жұмыстарының саны 15-ке жетеді. Хафизуддин әл-Кәрдариге телінген ханафи фикһы бойынша «Манакибу Әби Ханифа», «әл-Жамиғ әл-уажиз» және «әл-Фәтауа әл-аламгирия» (сондай-ақ «Фәтауа Һиндия» деп те аталады) үш еңбек аталады. Қорыта айтқанда, Малайзия ұлттық кітапханасында жоғарыда қолжазбалары аталған еңбектер бойынша жаңа зерттеулердің сақталғанын тұжырымдай аламыз.

Малайя университеті Орталық кітапханасы

1959 жылы құрылған Орталық кітапхана Малайя университеті кампусының дәл ортасында орналасқан. Малайя университеті кітапханасы қолжазбаларды өзінің құрылған кезінен бастап жинақтай бастады (Edzan, 2018: 7).

Жалпы Малайя университетінің коллекциялары форматы, кітапханалар бойынша бөлек қарастырылады, Цифрландырылған коллекция, Арнайы коллекция да бар. Арнайы коллекция құрамындағы Зааба коллекциясы мен Қолжазба коллекциясында тек Малай қолжазбалары кездеседі. Кітапханадағы малай қолжазбаларының графикасы «жауи» деп аталады. Кітапхана барлығы 326 малай қолжазбасын жинап, сақтауға алған. Малай қолжазбаларынан бөлек, мұнда Бирмадан әкелінген пали тіліндегі буддалық жазбалар, Балидегі діни рәсімдер туралы және батақ халқының дәстүрлі емдеу әдістері жайлы қолжазбалар да бар.

Малайя университетінің Орталық кітапханасында Жалпы жинақ, Академиялық резерв жинағы, Анықтамалық жинақ, Микрофиша / микрофильм, Диссертациялар, Еркін оқу жинағы, Аудио және бейне жинағы бар (Central Library, 2025). Малайя университеті кітапханасындағы қолжазбалардың ортақ базасы жасалған. Онда тіл, дәстүр, фольклор, тарихнама, әдебиет, дін және тарих шығармаларын қамтитын 6 қолжазба коллекциясы бар. Алайда қазақ жері тумаларының еңбектері кездеспеді. Электронды порталы: https://pendeta.um.edu.my/client/en_US/default (Pendeta Discovery, 2025).

Дерекқорда 50 араб қолжазбасы бар, олардың ең көбі – Әбу Хамид әл-Ғазалидің (1058-1111) теология, этика, құқықтану және сопылықты қамтитын 19 шығармасы. Басқа да ірі ғалымдардың қатарында грамматикалық трактаттарымен танымал Ибн Мәлік (шамамен 1203-1273), астрономия, философия және этика саласындағы беделді ғұлама Насыр әд-Дин әт-Туси (1201-1274), саяси теориясымен және құқықтануымен әйгілі Әли ибн Мұхаммед әл-Мәуәрди (шамамен 974-1058) шығармасының бір-бір қолжазбасы бар. Осылайша, жергілікті

және ислам әлеміне әйгілі ғалымдар шығармаларының қолжазбалары табылды, дегенмен қазақ даласы ғалымдарының қолжазба түріндегі еңбектері сақталмаған.

Қорытынды

Орта ғасырда ислам дінінің түрлі салаларында құнды еңбектер жазып, ғылым мен білімнің дамуына айрықша ықпал еткен қазақ даласында дүниеге келген көптеген ғұламалар болған. Бұл тұлғалар өздерінің ғылыми-рухани қызметімен тек қазақ жерінде ғана емес, сондай-ақ Орталық Азия, Кіші Азия, Таяу Шығыс пен Мысыр өңірлерінде де кеңінен танылды. Қолжазбалар Малайзияға Ұлыбритания арқылы барғанымен, ғалымдардың өмірбаяны мен еңбектеріне қатысты малай зерттеушілерінің де жұмыстары жарық көрді. Сонымен қатар, Малайзия ұлттық кітапханасындағы Қазақстан бұрышының Гарвард, БҰҰ коллекцияларымен қатар тұрғаны Малайзия–Қазақстан ғылыми сабақтастығының қаншалықты берік екеніне дәлел.

Куала-Лумпурдағы үш ірі қолжазба қоры бар кітапханаларға жасаған зерттеуіміздің нәтижесінде қазақ даласынан шыққан ғалымдар шығармаларының қолжазба нұсқаларының Халықаралық ислам ойы мен өркениеті институты (ISTAC) – Малайзия халықаралық ислам университеті (IUM) кітапханасының қолжазба қорында сақталғанын көрдік. Исмаил әл-Жауһари, Хафизуддин әл-Кәрдари, Исмаил ибн әл-Хусейн әл-Фараби, Исхак ибн Ибраһим әл-Фараби, Махмуд ибн Ахмад әл-Фараби және Бұрһануддин әз-Зәрнужи шығармалары бірнеше нұсқадан сақталған. Қолжазбалар сақталған коллекциялар саны үш, олардың бәрі де Ұлыбритания қолжазба қорынан әкелінген. Бұл шығармалар ислам педагогикасы, мұсылман құқығы, лингвистика, философия сынды әртүрлі саланы қамтиды және әлем өркениетінде алатын орны ерекше. Қолжазбалардың мазмұны ғана емес, сыртқы сипаттамасы, жазу стилі, әдіснамасына да мән берілді, анализ жасалды. Малайзия ұлттық кітапханасы мен Малайя университетінің кітапханасынан қазақ даласы ғалымдарының қолжазбалары табылмағанымен, малай зерттеушілері тарапынан жүргізілген зерттеу жұмыстары қысқаша қарастырылды. Зерттеу нәтижелері Қазақстан шығыстануында Малайзияны дерекнама тұрғысынан алатын орнын тұжырымдауға мүмкіндік береді, Малайзия мен Қазақстан ғылыми сабақтастығының үзілмей келе жатқанына дәлел болады. Оған қоса, бұған дейін Малайзиядағы қазақ жерінен шыққан ғалымдар мұрасы жекелей зерттелмегендіктен, Түркістан даласы ғалымдары еңбектерін әлемдік мұрағаттардан зерттеу ісіне елеулі үлесін қосады.

Әдебиеттер:

About ISTAC–IIUM, 2025 – About ISTAC–IIUM // [Электронды дереккөз] URL: <https://institute.iium.edu.my/istac/overview/> (Қаралған күні: 7.09.2025).

Aldiyarova, Tutinova, Seifullina, Zatov, Bagasharov, Mussabekov, 2023 – *Aldiyarova Zh., Tutinova N., Seifullina G., Zatov K., Bagasharov K., Mussabekov M. Peculiarities of Kazakhstan and Malaysia in View of the Relationship between State and Religion // Journal of Islamic Thought and Civilization. 2023. 13 (1). – P. 75-88.*

Абдунайм, Дүйсенбаева, Исахан, 2022 – *Абдунайм С., Дүйсенбаева А., Исахан М. Хафиз әд-Дин әл-Кердери әл-Баззаци және оның «әл-Фатауал-баззация» еңбегіндегі ғибадатқа қатысты көзқарастарының рационалистік мәні // ҚазҰУ хабаршысы. Дінтану сериясы. 2022. №2 (30). – 79-89 бб.*

British Library, 2025 – British Library. About us // [Электронды дереккөз] URL: <https://www.bl.uk/about> (Қаралған күні: 16.09.2025).

Central Library, 2025 – Central Library. University Malaya // [Электронды дереккөз] URL: <https://umlib.um.edu.my/centrallibrary> (Қаралған күні: 16.09.2025).

Demirbilek, 2022 – *Demirbilek M. Özbekistan'da Bulunan Yazma Eser Kütüphaneleri Üzerine Bazı Notlar // Ankara Üniversitesi İlahiyat Fakültesi Dergisi. 2022. №63 (2). – 1075-1089 s.*

Digital Bodleian, 2025 – Digital Bodleian. Росо́cke // [Электронды дереккөз] URL: <https://digital.bodleian.ox.ac.uk/collections/pococke/> (Қаралған күні: 16.09.2025).

Edzan, 2008 – *Edzan N.N. Participating in the national collaborative digital library of Malay manuscripts // ASEAN University Network Inter-Library Online. 2008. Vietnam. – 9 p.*

History of ISTAC–IIUM, 2025 – History of ISTAC–IIUM // [Электронды дереккөз] URL: <https://institute.iium.edu.my/istac/history/> (Қаралған күні: 7.09.2025).

IIUM Digital Manuscripts, 2025 – IIUM Digital Manuscripts // [Электронды дереккөз] URL: <http://manuscript.iium.edu.my/cgi/search/advanced> (Қаралған күні: 16.09.2025).

Kazakhstan's Corner, 2025 – Kazakhstan's Corner. Official Website National Library of Malaysia // [Электронды дереккөз] URL: <https://www.pnm.gov.my/index.php/pages/view/567?mid=58> (Қаралған күні: 16.09.2025).

Mace, 2015 – *Mace C. Textual Criticism and Text Editing. Comparative Oriental Manuscript Studies. An Introduction. Ed. by Alessandro Bausi et Al., Hamburg: Tredition. 2015. – P. 321-465.*

Pendeta Discovery, 2025 – Pendeta Discovery. University Malaya // [Электронды дереккөз] URL: https://pendeta.um.edu.my/client/en_US/default (Қаралған күні: 16.09.2025).

School of Oriental and African Studies, 2025 – School of Oriental and African Studies (SOAS) // [Электронды дереккөз] URL: <https://www.soas.ac.uk/about> (Қаралған күні: 16.09.2025).

Zainol, 2016 – *Zainol, Effah Imtiaz. Conserve and Preserve National Heritage: The Role of National Library of Malaysia // Sekitar Perpustakaan. 2016. №45. – P. 3-7.*

Zakariya, Suryadi, 2017 – *Zakariya, Hafiz & Suryadi. The experiences of the International Institute of Islamic Civilization & Malay World (ISTAC) in empowering the Malay World and Islamic Civilization // Heritage of Nusantara: International journal of religious literature and heritage. 2017. №6. – P. 221-236.*

Абу Ахмад Диас Таир, 2006 – *Абу Ахмад Диас Таир. Трое из Отрара // Наш мир. Республиканская общественно-политическая газета. Алматы. 2006. 22 сентябрь. №7/8. – 10 б.*

Анарбаев, 2016 – *Анарбаев Н. Орта ғасырлық ханафи ғалым Әбу әл-Қасым әл-Фараби/әл-Фарйабидің (?-1210) «Халисат әл-хақаик» трактатындағы моральдықэтикалық нормалар: мәні мен маңызы. Алматы. Нұр-Мұбарак университеті. 2016. – 139 б.*

Дербісәлі, 2020 – *Дербісәлі Ә. Әбу Насыр әл-Фараби – Ұлы даланың дара тұлғасы. Алматы. Қазақ университеті. 2020. – 420 б.*

Хаван, Байтенова, Құрманалиева, Байжума, 2023 – *Хаван А., Байтенова Н., Құрманалиева А., Байжума С.* Әбу Насыр әл-Фараби мұрасын зерттеудегі Түркия қолжазба қорларының рөлі мен маңызы // ҚазҰУ хабаршысы. Философия, саясаттану және мәдениеттану сериясы. 2023. №85 (3). – 25-32 бб.

Рососке, 380 – Исмаил әл-Жауһари. әс-Сыхах фи әл-луға. Рососке, 380.

British Library, 1329 – Исмаил әл-Жауһари. әс-Сыхах фи әл-луға. British Library, 1329.

British Library, 1486 – Хафизуддин әл-Кәрдари. British Library, 1486.

British Library, 1800 – Исмаил әл-Фараби. Шарху фусус әл-хикәм. British Library, 1800.

References:

About ISTAC–IIUM, 2025 – About ISTAC–IIUM // [Elektrondy derekköz] URL: <https://institute.iium.edu.my/istac/overview/> (Qaralğan күні: 7.09.2025).

Aldiyarova, Tutinova, Seifullina, Zatov, Bagasharov, Mussabekov, 2023 – *Aldiyarova Zh., Tutinova N., Seifullina G., Zatov K., Bagasharov K., Mussabekov M.* Peculiarities of Kazakhstan and Malaysia in View of the Relationship between State and Religion // Journal of Islamic Thought and Civilization. 2023. 13 (1). – P. 75-88.

Abdunaim, Düisenbaeva, İsahan, 2022 – *Abdunaim S., Düisenbaeva A., İsahan M.* Hafız äd-Din äI-Kerderi äI-Bazzazi jäne onyñ «äI-Fataual-bazzazia» eñbegindegi ğibadatqa qatysty közqarastarynyñ rasionalistik mäni // QazÜU habarşysy. Dıntanu seriasy. 2022. №2 (30). – 79-89 bb. (In Kaz.)

British Library, 2025 – British Library. About us // [Elektrondy derekköz] URL: <https://www.bl.uk/about> (Qaralğan күні: 16.09.2025).

Central Library, 2025 – Central Library. University Malaya // [Elektrondy derekköz] URL: <https://umlib.um.edu.my/centrallibrary> (Qaralğan күні: 16.09.2025).

Demirbilek, 2022 – *Demirbilek M.* Özbekistan'da Bulunan Yazma Eser Kütüphaneleri Üzerine Bazı Notlar // Ankara Üniversitesi İlahiyat Fakültesi Dergisi. 2022. №63 (2). – 1075-1089 s. (In Turkish)

Digital Bodleian, 2025 – Digital Bodleian. Pococke // [Elektrondy derekköz] URL: <https://digital.bodleian.ox.ac.uk/collections/pococke/> (Qaralğan күні: 16.09.2025).

Edzan, 2008 – *Edzan N.N.* Participating in the national collaborative digital library of Malay manuscripts // ASEAN University Network Inter-Library Online. 2008. Vietnam. – 9 p.

History of ISTAC–IIUM, 2025 – History of ISTAC–IIUM // [Elektrondy derekköz] URL: <https://institute.iium.edu.my/istac/history/> (Qaralğan күні: 7.09.2025).

IIUM Digital Manuscripts, 2025 – IIUM Digital Manuscripts // [Elektrondy derekköz] URL: <http://manuscript.iium.edu.my/cgi/search/advanced> (Qaralğan күні: 16.09.2025).

Kazakhstan's Corner, 2025 – Kazakhstan's Corner. Official Website National Library of Malaysia // [Elektrondy derekköz] URL: <https://www.pnm.gov.my/index.php/pages/view/567?mid=58> (Qaralğan күні: 16.09.2025).

Mace, 2015 – Mace C. Textual Criticism and Text Editing. Comparative Oriental Manuscript Studies. An Introduction. Ed. by Alessandro Bausi et Al., Hamburg: Tredition. 2015. – P. 321-465.

Pendeta Discovery, 2025 – Pendeta Discovery. University Malaya // [Elektrondy derekköz] URL: https://pendeta.um.edu.my/client/en_US/default (Qaralğan күні: 16.09.2025).

School of Oriental and African Studies, 2025 – School of Oriental and African Studies (SOAS) // [Elektrondy derekköz] URL: <https://www.soas.ac.uk/about> (Qaralğan күні: 16.09.2025).

Zainol, 2016 – *Zainol Effah Imtiaz.* Conserve and Preserve National Heritage: The Role of National Library of Malaysia // Sekitar Perpustakaan. 2016. №45. – P. 3-7.

Zakariya, Suryadi, 2017 – *Zakariya, Hafiz & Suryadi.* The experiences of the International Institute of Islamic Civilization & Malay World (ISTAC) in empowering the Malay World and

Islamic Civilization // Heritage of Nusantara: International journal of religious literature and heritage. 2017. №6. – P. 221-236.

Abu Ahmad Dias Tair, 2006 – *Abu Ahmad Dias Tair*. Troe iz Otrara // Naş mir. Respublikanskaia obşestvenno-politicheskaiia gazeta. Almaty. 2006. 22 sentäbr. №7/8. – 10 b. (In Russ.)

Anarbaev, 2016 – *Anarbaev N.* Orta ğasyrlyq hanafi ğalym Äbu äl-Qasym äl-Farabi//äl-Fariabidiñ (?-1210) «Halisat äl-haqaiq» traktatyndağy moräldyqetikalyq normalar: mänı men mañyzy. Almaty. Nür-Mübarak universiteti. 2016. – 139 b. (In Kaz.)

Derbisäli, 2020 – *Derbisäli Ä.* Äbu Nasyr äl-Farabi – Üly dalanyñ dara tülğasy. Almaty. Qazaq universiteti. 2020. – 420 b. (In Kaz.)

Havan, Baitenova, Qürmanalieva, Baijuma, 2023 – *Havan A., Baitenova N., Qürmanalieva A., Baijuma S.* Äbu Nasyr äl-Farabi mürasyn zertteudeği Türkia qoljazba qorlarynyñ röli men mañyzy // QazÜU habarşysy. Filosofia, saiasattanu jäne mädeniettanu seriasy. 2023. №85 (3). – 25-32 bb. (In Kaz.)

Pococke, 380 – İsmail äl-Jauhari. äs-Syhah fi äl-luğa. Pococke, 380.

British Library, 1329 – İsmail äl-Jauhari. äs-Syhah fi äl-luğa. British Library, 1329.

British Library, 1486 – Hafizuddin äl-Kärdari. British Library, 1486.

British Library, 1800 – İsmail äl-Farabi. Şarhu fusus äl-hikäm. British Library, 1800.

¹Zhamashev A.Sh., ²Kurmanaliyeva A.D., ^{*3}Yeleussyzbayeva N.M.

^{1,2,3}*Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan*

E-mail: ¹azamat_zhamashev@mail.ru, ²Ainura.Kurmanaliyeva@kaznu.edu.kz,

³yeleussyzbayeva_n@live.kaznu.kz

MALAYSIA-KAZAKHSTAN SCIENTIFIC CONTINUITY: CHARACTERISTICS OF KAZAKH STEPPE SCHOLARS' WORKS IN KUALA LUMPUR LIBRARIES

Abstract. The article aims to review libraries housing manuscript collections in Kuala Lumpur, Malaysia, and conduct a substantive and comparative analysis of preserved works by scholars from the Kazakh steppe to demonstrate their historical and scientific connections with Kazakhstan. It also seeks to evaluate each scholar's contribution to science and culture. This effort will facilitate the inclusion of our cultural heritage from Southeast Asia into scientific discourse and showcase the continuity of scientific and educational traditions between the Malay and Kazakh peoples. Thus, the research novelty lies in examining Malaysia's place in Kazakhstan's oriental studies, emphasizing its role not only as a model of Islamic development but also as a preserver of scientific heritage in comparative studies of Southeast Asian (SEA) countries. To achieve this goal, a phased approach was employed in working with manuscripts: collecting manuscripts, compiling catalog lists, providing comprehensive manuscript descriptions, comparing manuscripts, verifying and reading manuscripts, and conducting textual analysis. In addition to manuscripts, published books and research were also considered. The article examines the collections of the International Institute of Islamic Thought and Civilization (ISTAC) – International Islamic University Malaysia (IIUM), National Library of Malaysia (NLM), and University of Malaya (UM) libraries, which have preserved works of Kazakh steppe scholars who contributed to the development of culture and science. Consequently, after identifying the presence of works by Kazakh steppe scholars such as Farabi, Kardari, and Zarnuji in these libraries, the article provides individual descriptions of the characteristics and significance of their works. This was done to demonstrate the place of Kazakh steppe scientific heritage in the scientific discourse of Southeast Asia.

Keywords: Malaysian libraries, scholars of the Kazakh land, manuscripts, Farabi, Kardari, Zarnuji, Southeast Asia.

Acknowledgments: The article was financed within the framework of the «Zhas galym» project for 2024-2026 of the Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan. (Grant AP22686474 «Anthology of Arabic-language sources of the Kazakh thinkers in foreign archives»)

¹Жамашев А.Ш., ²Курманалиева А.Д., ³Елеусызбаева Н.М.

^{1,2,3}Казахский национальный университет имени аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан

E-mail: ¹azamat_zhamashev@mail.ru, ²Ainura.Kurmanalieva@kaznu.edu.kz,

³yeleussyzbayeva_n@live.kaznu.kz

НАУЧНАЯ ПРЕЕМСТВЕННОСТЬ МАЛАЙЗИИ И КАЗАХСТАНА: ОСОБЕННОСТИ РАБОТ УЧЕНЫХ КАЗАХСКОЙ СТЕПИ В БИБЛИОТЕКАХ КУАЛА-ЛУМПУРА

Аннотация. Статья посвящена обзору библиотек с рукописными фондами в Куала-Лумпуре, Малайзия, проведению содержательного и сравнительного анализа сохранившихся трудов ученых казахской степи для демонстрации их историко-научных связей с Казахстаном, а также оценке вклада каждого ученого в науку и культуру. Это способствует введению нашего культурного наследия в Юго-Восточной Азии в научный оборот, а также реализует задачу демонстрации преемственности науки и образования между малайским и казахским народами. Таким образом, новизна исследования заключается в том, что роль Малайзии в казахстанском востоковедении в сравнительных исследованиях стран Юго-Восточной Азии (SEA) рассматривается не только как модель исламского развития, но и как хранитель научного наследия. Для достижения этой цели в работе с рукописями применялись поэтапные методы: сбор рукописей, составление списков рукописей в каталогах, предоставление полных описаний рукописей, сравнение рукописей, проверка рукописей и анализ текста. Наряду с рукописями были изучены опубликованные книги и исследования. В статье рассматриваются коллекции Международного института исламской мысли и цивилизации (ISTAC) – Малайзийского международного исламского университета (IIUM), Национальной библиотеки Малайзии (NLM) и библиотеки Малайского университета (UM), в которых хранятся труды ученых казахской степи, внесших вклад в развитие культуры и науки. В результате, после указания местонахождения трудов ученых казахской степи, таких как Фараби, Кардари и Зарнуджи в библиотеках, были даны отдельные характеристики их особенностей и значения, что было сделано для реализации задачи демонстрации места научного наследия казахской степи в научном обороте Юго-Восточной Азии.

Благодарность: Статья профинансирована Комитетом науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан по проекту «Жас ғалым» на 2024-2026 годы. (Грант AP22686474 «Антология арабоязычных источников казахских мыслителей в зарубежных архивах»)

Ключевые слова: Библиотеки Малайзии, ученые казахской земли, рукописи, Фараби, Кардари, Зарнуджи, Юго-Восточная Азия.

Авторлар туралы мәлімет:

Жамашев Азамат Шутбаевич, PhD, постдокторант, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті дінтану және мәдениеттану кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Алматы, Қазақстан. <https://orcid.org/0000-0002-5330-9437>

Курманалиева Айнура Дурбелиновна, ф.ғ.д., профессор, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті дінтану және мәдениеттану кафедрасының меңгерушісі, Алматы, Қазақстан. <https://orcid.org/0000-0001-5299-2695>

Елеусызбаева Назерке Мейранбайқызы (корреспондент автор), әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің дінтану және мәдениеттану кафедрасының докторанты, Алматы, Қазақстан, байланыс тел. <https://orcid.org/0009-0003-9413-2900>

Information about authors:

Zhamashev Azamat, PhD, postdoctoral researcher, Associate Professor of the Department of Religious and Cultural Studies of al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

Kurmanaliyeva Ainura, Doctor of Philosophical Sciences, Professor, Head of the Department of Religious and Cultural Studies of al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

Yeleussyzbayeva Nazerke, PhD student of the Department of Religious and Cultural Studies of al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

Сведения об авторах:

Жамашев Азамат Шутбаевич, PhD, постдокторант, ассоциированный профессор кафедры религиоведения и культурологии Казахского национального университета имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

Курманалиева Айнура Дурбелиновна, д.ф.н., профессор, заведующая кафедрой религиоведения и культурологии Казахского национального университета имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

Елеусызбаева Назерке Мейранбайқызы, докторант кафедры религиоведения и культурологии Казахского национального университета имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан.